

*Literature and Folklore/ Әдебиет және фольклор/ Литература и фольклор***Түркі халықтарының магиялық фольклорының жіктелу жолдары*****Ш.Ибраев^а, А.Тұрғанбаев^б**^аҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы (E-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz). *Байланыс үшін автот: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz^бҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы (E-mail: askar.turganbayev@ayu.edu.kz)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

*түркі халықтары,
магиялық фольклор,
ғұрып, алғыс,
алқыш, алғыһа,
бәдік, бақсы,
синкретизм,
тазару.*

ХҒТАР 17.71.07

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-192-205>

Түркі халықтарының магиялық фольклорының атқарған қызметі, прагматикалық аспектісі ерте замандардағы рух-иелерге, тылсым күш құдайларына жалбарыну, тілек айту, зұлым күштерді қуу, көшіру сияқты рәсімдеу әрекеттерімен байланысты. Рәсімдеу ғұрып (ритуал) түріндегі іс-әрекеттермен, құрбандық берумен, магиялық іс-қимылдармен бірлікте атқарылған. Магиялық фольклордың орындалу үдерісі сөзбен, әрекетпен және әуенмен бірлікте, өзара байланыста жұмсалатын компоненттер жиынтығынан құралады. Бұл компоненттердің мазмұны ритуалдың синкреттік сипатымен, мифтік түсініктермен сабақтасып жатқан табиғатымен байланысты.

Магиялық ғұрыптың атқарылу тәртібі мен мазмұны социум тарапынан қабылданған, мінез-құлықтың бағытын белгілеген әрекеттер жүйесінен жинақталады: іс-әрекеттер жүйесі мен мақсаты ортақ әлеуметтік-психологиялық сипатқа ие. Магиялық ғұрып қалыптасқан тәртіппен, бұрыннан белгілі жүйемен атқарылады, әр атқарылған ғұрып бұрынғы нәтижені, қалыптасқан норманы қайта тірілту, жандандыру мақсатын көздейді. Бұл үдеріс социумның ортақ әлеуметтік-психологиялық мінездемесінің қалыпты қызметіне ықпал етеді.

Мақалада салыстырмалы-ретроспективалы аспектіде саха, алтай, қазақ, татар, башқұрт халықтарының алғыс (алқыш, алғыһа), арбау (арбоо, дуа), бәдік, бақсы сарыны (кам, хам, ойуун) сияқты фольклорлық жанрларының функционалдық қызметі және құрылымдық компоненттері қарастырылады. Саха, алтай фольклорында ғұрыптың магиялық және мифтік мәні рух-иелерге қайрылу, шақыру, байланысқа шығу, өтініш жасау, шығарып салу сынды ұғымдармен және компоненттік бөліктермен бірлікте қызмет етеді. Ал қазақ, татар, башқұрт фольклорында бұл компоненттер қысқарған: ғұрыптық ситуациялардан тілек айту, алғыс, мадақтау, дуалау мәнді сөздер сақталып қалған. Жинақталған динамикалық әрекет көне ғұрыптық семиотика мәнін қайта жаңғыртады.

Received 14 May 2024. Revised 18 May 2024. Accepted 02 June 2024. Available online 30 June 2024.



Дәйексөз үшін: Ш. Ибраев, А. Тұрғанбаев Түркі халықтарының магиялық фольклорының жіктелу жолдары // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 2. – 192-205 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-192-205>

For citation: Sh. Ibrayev, A. Turganbayev Ways of classifying the magical folklore of the Turkic peoples // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 6. – No 2. – P. 192-205. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-192-205>

Кіріспе

Магиялық фольклордың түрлерін ретроспективті аспектіде зерттеудің қиындығы оның көпқабатты және әралуан сипатынан туындайтын бітіміне байланысты. Сөздің, әрекеттің, әуеннің магиямен қосақталған қызметі – тұтас жатқан үдерісті құбылыс. Оны анықтаудың жолдары бірыңғай эмпирикалық немесе түсіндірмелік әдіске негізделі алмайды. Себебі бұл үдерісте мінез-құлықтың бағыты (поведенческое направление) да, жөн-жосық та, коммуникативтік акт те әлеуметтік сипатқа ие.

Мәселе «ақпараттық кеңістіктің» дискурстық құрылымын айғақтап тұр. Нысана әлеуметтендірілген үдеріспен, жүйе құрайтын ұғымдармен тығыз байланысты. Демек әлеуметтік психологиямен бірлескен мәні бар. Субъектінің қоршаған ортаға (қоғамға) әлеуметтік және индивидуалдық тұрғыдан тәуелділігі дау тудырмайды (Богданов, 2015: 51).

Магиялық мәні бар сөз бен іс-әрекетті жеке тұлғаның немесе көпшіліктің бірлесіп айтуы және атқаруы белгілі бір дәрежеде қалыптасқан тәртіпті, қайталанатын дағдыны көрсетеді. Айтылатын сөз атқарылатын әрекеттің тікелей баламасына айналып, сөз әрекетпен бекітіледі. Бұл екеуінің бірлікте рәсімделуін (процедура) Дж. Остин перформативті акт деп атаған (Остин, 1999: 19).

Осы тұрғыдан алғанда, магиялық перформативті акт – белгілі бір әлеуметтік жағдайдың қалыптасқан тәртібі бойынша рәсімделетін акт. Бұл актінің магиялық компоненттері – локацияға (орналасу), номинацияға (атау) және предикацияға (логикалық баяндауға) жіктелетіні және оның іс жүзінде белгілі бір шаблонмен атқарылатыны байқалады (Адоньева, 2018: 145).

Магиялық перформативті актінің әлеуметтік статусын белгілейтін компоненттер мұнымен де шектелмейді. Атап айтқанда, сөзбен және әрекетпен қоса атқарылып жатқан рәсімге орындаушының дене қимылы, мимикасы, сарыны (әуені), сөздің ырғақтық-ұйқастық түзілісі, жеке және бірлесіп орындалуы сияқты компонентер тіркеседі.

Магиялық фольклордың детерминациялық түзілісіне тұтастай алып қарағанда мағыналық динамизм тән. Динамизм перформативті актінің дискурстық табиғатынан туындайды. Сонда магиялық рәсімді атқару барысында тұрақтылық пен өзгермелілік қатар жүріп жатады. Тұрақтылық – магиялық рәсімнің әлеуметтік ортада орныққан семиотикалық мәнімен, көпшілік санасында бекіген таңбалық жүйесімен байланысты болса, өзгермелілік – осы үдерістің дискурстық сипатынан өрбиді.

Магиялық ритуал ерекше коммуникативті оқиға ретінде белгілі бір семантикалық мәні бар ұғымдарды еске түсіруді ғана емес, оларды жаңаша жаңғыртуды көздейді. Жаңғырту кезінде ұғымдар қажеттілікке қарай қайтадан реттеледі және психологиялық тұрғыдан қазір өтіп жатқан оқиға ретінде бастан кешіріледі.

Ритуалдық үдеріс тұтастай алғанда нысанның коммуникативтік актімен байланысты дискурстық табиғатынан туындайды. Тілдік формалар, әрекет түрлері және мағыналы ұғымдар дискурстық құрылымға жинақталады. Ал бұл ұғымдардың әлеуметтік

жүктемесі, біріктірілу жолдары семиотикалық мәніне қарай жүзеге асады (Адоньева, 2018: 13, 145).

Магиялық рәсімнің білгілі бір үлгіге түсірілуін (моделирование) үдерістің семиотикалық мәні қамтамасыз еткенімен, оның ерекше оқиға ретінде атқарылуын субъектінің референциясы белгілейді. Үдеріс жанды, мағыналы, әсерлі және құпиялы көрінісімен қайта жаңғырады. Сыртқы дүниенің бейнесі, реалды немесе ойдан шығарылған оқиғалар жиынтығы ретінде индивидуалды референцияның сүзгісінен өтеді (Аманбаева, 2016: 781). Сананың өзара байланысы адресаттың да, адресанттың да бірыңғай күйге келген, ортақ нысанаға бағытталған жағдайына тәуелді болады.

Магиялық фольклордың дискурстық және семиотикалық табиғатын түсінудің маңыздылығы - мәселенің синкретті жаратылысын, түрлі компоненттердің бірлесу тәртібін анықтауға мүмкіндік беретіндігінде. Мақалада магиялық фольклордың құрылымдық компоненттері семиотикалық мәні және дискурстық сипаты бойынша талданады.

Зерттеу әдістері және материалдары

Магиялық ритуалда тілдік формалар, мифтік мазмұн, әрекет пен ишара, әуен мен ырғақ, сөйлеу мен речитатив тұтастай алғанда семиотикалық мәні бойынша біріктіріледі. Бұлайша бірігу мифологиялық дүниетаныммен байланысты: адамдар дүниесінен тыс басқа дүниеге сену; рухтармен, тылсым күш иелерімен байланысқа шығу, зұлым күштерді қуу, қайырымды күштерді шақыру. Осы арқылы басқа дүние иелерімен келісімге келу: разы ету, сый беру, жәрдем сұрау. Кейде қорқыту, қуу, ұрсу сияқты жәйттер орын алады.

Осылайша магиялық ритуалдың прагматикасы жауын шақыруды, ауруды емдеуді, улы жәндіктердің уын қайтаруды, рұхтарды, аруақтарды, түрлі нысан иелерін разы қылатын немесе залалсыздандыратын, практикалық мақсатты көздейді. Миф идеологиясы ритуалда әлеуметтік статусымен белгіленеді. Практикада байқалғандай, миф өз алдына дербес өмір сүре алғанымен, ритуалдың әлеуметтік акт ретінде мифтен бөлек қызмет етуі аса шектеулі.

Магиялық ритуал қуат-құдыретті (действенность) болуы үшін К. Леви-Стросстың (Claude Levi - Strauss) пікірінше оған үш түрлі сенім қажет: алдымен дуалаушының өз амал-әрекетіне деген сенімі, сосын ол емдеп жатқан науқас адамның сенімі, ең соңында осындай бір пәрменді әрекетті қажет ететін қоғамның сенімі (Леви-Стросс, 1985).

Б. Малиновскийдің миф және оның архаикалық қоғамдағы психологиямен байланысы туралы ойларын (B.Malinowski, Myth in Primitive Psychology London, 1926). Е. Мелетинский былайша жинақтайды: «Миф ойды кодтайды, моралды күшейтеді, мінез-құлықтың белгілі бір тәртібін ұсынады, ритуалды санкциялайды, әлеуметтік тәртіпті негіздейді және тиімді етеді» (Мелетинский, 2018: 42).

Түркі халықтарының магиялық фольклорының ритуалдық ғұрып ретінде атқарылуы мифтік түсініктермен сабақтасып жатыр. Оның мәдениетпен кіріккен бітімі социумның

элеуметтік-психологиялық жағдайымен тікелей байланысты. Бұл жағдай мифтік идеологияға негізделеді.

Ритуал және мифтің арақатысына байланысты ғылыми пікірлердің тарихына бұл арада тоқталмаймыз. Біз үшін маңыздысы – магиялық ритуалдағы сөз бен әрекет, сондай-ақ басқа да компоненттер - әуен, ырғақ, ситуативті ишара (тұспалды ым-белгі) тұтастай алғанда мифологиялық дискурсқа негізделетіндігі. Миф магиялық ритуалдың идеологиялық мотивациясы болып табылады (Мифы народов мира, 1987).

Мифтің сөз түрінде өрнектелуі оның формасын, сөзбен белгілену тәсілін көрсетеді. Р. Барттың дәлелдеуі бойынша бұл белгі оның коммуникативтік жүйе екенін, ақпараттық мәнін айшықтап тұр (Барт, 2019: 265). Ендеше бұл жағдай оның дискурстық табиғатын, құрылымдық жүйесін де сипаттайды (Зенкин, 2019: 18).

Мифтік дүниетанымның ритуалдағы көрінісі және психологиялық кескіндемесі (проекция) – ең алдымен дүниенің екіге бөлінетіндігі. Ол-өзімдікі (адамдардікі) және өзгенікі (рухтар, тылсым күштер, құдайлар). Өзге дүние жақсылықтың да, жамандықтың да көзі, ол киелі (сакральды) болып саналады (Байбуриң, 1990: 3-15).

Түркі халықтарының магиялық фольклорынан орын алған мифологиялық үлгі (модель) осы түсінікке негізделген. Алғыс (алкыш, алғыс, алғыһа), бәдік, арбау (дуалау), бақсы (кам, хам, ойуун, шаман) сарыны сияқты магиялық фольклордың структуралық құрылымында өзімдікі және өзгенікі анық жіктелетіні байқалады. Миф мазмұнын магиялық ритуал белгілі бір «практикалық қажеттілікке қарай қайта жаңғыртып, өткен уақытты осы және келешек уақытпен жалғап отыратыны» (Хаустов, 2020: 99) өмірлік тәжірибемен бекітілген.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркі халықтарының магиялық фольклорының жанрлық құрамы, ғұрыппен байланысты қызметі, құрылымдық жүйесі әр кезде фольклористер мен этнографтар тарапынан зерттеліп келе жатыр. Жанрлар орындалу рәсімдері, мақсаты және сақталу ерекшеліктері бойынша жеке-дара этнос аясында қарастырылды (Каташ, 1979: 63-76; Наева¹, 2010; Султангараева, 2014: 108-114; Султангараева, 2019; Шейкин, 2003; 58-114; Енчине, 2018: 14-18; Чочкина, 2003; Саримсаков, 1986; Абылкасымов, 1993). Ғұрыптық фольклордың аясында жинақтаудың және жүйелеудің нәтижесінде магиялық жанрлардың өзіндік ерекшеліктері, тұрмыстық-практикалық тәжірибемен арақатысы, наным-сеніммен байланысты аспектілері әрі фольклорлық, әрі этнографиялық зерттеулерге арқау болды. Жинау, жүйелеу және зерттеу жұмыстарының дені тарихи сұрыптау және жанрлық белгілерді сипаттау түрінде жүргізілді. Бұл жұмыстардың бәрі дерлік алдағы уақытта этносаралық типологиялық ізденістерге, салғастыру, тарихи-салыстырмалы талдауларға негіз болатын зерттеулер ретінде маңызды қызмет атқарады. Тақырыптың зерттелу дәрежесі фольклортану ғылымының заманауи антропологиялық және типологиялық аспектілеріне үңілуге мүмкіндік береді.

¹ Наева А.И., 2010. Алтайский обрядовый фольклор специфика жанра. Диссертация на соискан. уч. степени канд. фил. наук. Улан-Удэ. 131 с.

Талдау

Магиялық перформативті актінің миф мазмұнын «тірілтіп» отыратын қызметі оның дискурстық үдеріс ретінде реалды тіршілікпен беттестіруімен байланысты. Беттесу нақтылы сенім және психологиялық күйзелісті бастан кешіру түрінде өтеді.

Сахалардың (якут) дәстүрлі мәдениетіндегі алғыстың ритуал түрінде өткізілетін рәсімінен бұл жағдай анық көрінеді. Шаманның (ойуун) арнайы орындайтын *кутуруу* (екі сөзден құралады: *кут* – «жан», «рух», уруу- «әуен», «сарын») ритуалы – аса киелі рәсім.

Кутуруу сөйлеу, речитатив және сарын (ән) айту түрінде өткізіліп, «олар» (рухтар) үшін, «өзі» (өзін айықтыру) үшін және «біз» (әріптестерін емдеу) үшін орындалады. Шаманның ауызымен желеп-жебеуші рухтар (духи- покровители) да сөйлейді (Шейкин, 2003: 59).

Перформативті акт «өзімдікі» және «өзгенікі» анық бөліп тұр. Әуенмен айту да осылай бөлінеді. Жайшылықта «өзгенікі», яғни рухтардың дауысын салуға болмайды (Шейкин, 2003: 60).

Рухтар дүниесін себепсіз мазалауға тиым салынған. «Өзімдікі» (шаманның өзі, емделушілер, ритуалға қатысушы топ) «өзгенің» ырқына, рұқсатына, қамқорлығына, қайырымдылығына тәуелді. Ритуалдың мақсаты – арадағы байланысты ретке келтіру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізу. Сөйлеу, речитатив және сарын дүниенің бөлінуіне қарай құпиялы кодқа, семиотикалық мағынаға ие болған.

Алғыстың мифтік семиотикалық мәні оны ритуал ретінде атқару барысында анық байқалады. Саха фольклорын зерттеушілер ритуалдың үш кезеңін бөліп көрсетеді: бірінші – жәй сөйлеу түрінде (этэн алгааһын) аруақтарға, рухтарға, құдайларға қайырылу (обращение); екінші -негізгі бөлімде (этэн ылланар алғыс) тылсым күш иелеріне арнап речитатив түрінде мақсатын жеткізу, жалыну; үшінші – кульминациялық және қорытынды бөлімде (ылланар алғыс) әуенмен айтуды күшейтіп барып, тілегін аяқтау (Шейкин, 2003: 73; Эргис, 1974: 159).

Алғыс аңның, үй жануарларының, оттың, судың, ағаштың, аурудың т.б. иелеріне, желеп-жебеушілерге, рухтарға, ата-баба аруақтарына, құдайларға қарата айтылады. Онда ризашылығын білдіру, өтіну, сұрау, сиыну және мадақтау сөздер орын алады.

Алғыс ритуалының ең көне формаларының бірінен саналатын саха фольклорында ритуал мазмұнына және орындалу ретіне қарай бөлінген. Бөліну – байланыс кезеңдерін белгілеп отыруды көздейді: адамдар дүниесінен рухтар дүниесіне байланысқа шығу (1-кезең), рухтарға тілегін жеткізу, өтіну, сұрау, сый беру, мадақтау (2- кезең), байланыстың нәтижесін қорытындылау және реалды дүниеге (өзімдікі) қайтып оралу (3- кезең).

Саха алғысының мифпен және ритуалмен қосақталған синкретті қызметі осы ғұрыптың көнелік сипатын айшықтап тұр. Перформативті акт те, сарын да мифтік дүниетанымға лайық «өзімдікі» және «өзгенікі» болып жіктелген. Бөлінудің компоненттері рет-ретімен орналасқан.

Алтай алқыштарында да айтылатын сөздердің адресаттары үшеу: ғұрыптық ситуацияның себепкері (үйлену салтындағы күйеу мен қалыңдық, отбасы, оның мүшелері, ауырған адам т.б.), ритуалды атқарушы адам немесе киелі нысан және абсолютты адресат Алтай Кудай (Енчине, 2018: 16).

Ритуал және оны өткізуге қатысты әрекеттер мен даярлық істері киелі болып саналады. Сондықтан да олардың реттілігі сақталуы тиіс. Құрбандық тағамдар арнайы пісіріліп, киелі орындарға бау (лента) тағып, сый-тағамдарды құрбандық үшін отқа жағып, сүт шашып болғаннан кейін, қатысушылар жамандықтан және аурудан тазару мақсатында жерге аунайды. Осыдан кейін ғана қатысушылар тағамнан дәм татады. Бұл үдерістегі «алқыш сөс» және түрлі әрекеттер рухтар мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты, диалогқа түскен актіні бейнелейді. Актіге қатысушылар алғышчының соңынан сөз бен әрекеттің нәтижесіне «Айтқанар ла болзын!» («Айтқандардай болсын!») дейтін алқыш сөзін қосарлап отырады (Енчине, 2018: 17).

Назар аударарлық бір мәселе – алқыш сөздің екі бөлектен тұратындығы: бірінші, тылсым күш иесіне немесе киелі нысанаға (Алтай Кудай, Умай Эне т.б.) қайрылып, мадақ сөз айту және екінші, тілек білдіру, өтіну немесе талап ету. Осы рәсімнің балаларға арналып өткізілетін практикасында кейде алқыш қысқарып, екінші бөлігі ғана айтылады (Чочкина, 2003).

Ритуалдың соңғы үшінші бөлігін қатысушылардың өзі отқа сүт шашып, алғысын айтып, сонан кейін әкелген тағамдарынан дәм татып барып аяқтайды (Чочкина, 2003: 327).

Алтай фольклорында мифтік мазмұнның алғыс ритуалында толығымен ашылатынын да, қысқартылып трансформацияланған үлгісі қолданылатынын да өмірлік практикадан көріп отырмыз. Бұл жағдай алғыс ритуалының нысаны тұрмыс-тіршіліктің алуан саласын (аңшылық, жолаушы, үйлену рәсімі, рухтарға қайрылу, кәсіптік мақсат, қолайлы ауа райын сұрау, жаңбыр тілеу, аңдардың иесінен кешірім сұрау т.б.) қамтитын қызметін оңтайландыру, нысанға қарай іріктеп қолдану үдерісімен байланысты болса керек.

Байырғы көне ритуалдардың ықшамдалып қолдана бастауы оның психологиялық негіздемесінің әлсірей бастауымен байланысты (Еремина, 1991). Алғыс дискурсы өзгеріске сәйкес қайта жинақтаудан өтіп, ықшамдалған формаға көшкен. Сөйлеу әрекетінің нысандық бағыты сеніммен және жұмбақ сырға толы қорқынышпен байланысты болғанымен, бұл дискурс белгілі бір дәрежеде «театрланған» сипатқа ие. Ритуал барлық қатысушылардың психологиялық эмоционалдық деңгейін бір қалыпта ұстап тұра алмайды. Дискурс өзгеріске икемделеді. Коммуникативті ситуацияның құрамдас бөліктерінің көптігі және әлеуметтік жағдайдың өзгертіндігі дискурсқа тікелей ықпал етеді. Ритуал баяу өзгереді.

Нәтижелер

Ритуал формасында атқарылып келген алғыстың трансформацияланған және қысқарған үлгілерін қазақ, татар және башқұрт түріктерінің фольклорынан

кездестіреміз. Алғыстың семиотикалық мәні сақталғанымен, оның дискурстық табиғаты өзгеріске ұшыраған. Бұл халықтардың алғыс жанры амандық-саулық пен сәттілік тілеу, мұратына жету, жақсылыққа кенелу сияқты ізгі тілек білдіру формасындағы сөздің мағынасына ауысқан.

Көне алғыс ритуалының компоненттерінен жоғарыда сөз болған екінші кезеңі – тікелей тілек білдіру, сұрау мен өтіну ғана сақталып қалған. Ритуалдың өзі алғыс айту формасында атқарылмайды. Ал енді алғыстың ритуал түрінде өткізілетін семиотикалық мәні Орта Азия және Еділ бойы түркілерінің бақсы (шаман) ойынында (сарынында) белгілі бір өзгерістермен сақталғанын көреміз. Рухтармен байланысқа шығуды арнайы бақсы (алтайша – кам, түркіменше – порхан, сахаша – ойуун) атқарады. Оның «өзімдікін» «өзгенікімен» бітістіруші (посредник) қызметі ауруды емдеу және рухтар дүниесінің ырқын адамдарға жеткізу түрінде көрінеді (Басилов, 1984: 199; Абылқасымов, 1993: 90-165).

Уақыт өте келе алғыстың мифтік ритуалдық үлгісінен, дәлірек айтқанда, оның негізгі бөлігінен екі түрлі архетиптік түсінік прагматикалық қолданысқа ие болған деуге негіз бар. Бірі – ықшам формада алғыс айтушылар (аталар, әжелер, үлкен кісілер), екінші – алғыс алушылар (жастар, үйленгендер, жолаушылар, істі жаңадан бастаушылар, т.б.). Бұл жағдай алтайлықтардың ритуал кезіндегі «алқыш сөс» айтушы – алғышшының және ритуалға қатысушылардың «Айтқанар ла болзын!» («Айқандардай болсын!») дейтін құптау сөзіне, яғни коммуникативтік актіге сәйкес келеді.

Қазақ, татар, башқұрт халықтарының көбінесе *болсын (булсын, булһын), бер, берсін (бир, бирсен), котлогарһын, келсін (килсен, килһен)* етістіктерімен аяқталатын алғыс сөздеріне «Амин. Шулай булсын!», («Айтқаныңыз болсын! (келсін!)»), «Тілегіңіз қабыл болсын!» сияқты сөздермен жауап беріледі (Татар халқ ижаты, 1980: Башкорт халқ ижады, 1995; Бабалар сөзі, 2013).

Алғыс ритуалының семиотикалық мағынасы сақталған, ал дискурстық бірлігі елеулі өзгеріске ұшыраған. Дискурс ритуалдың өткізілу ретіне қарай емес, семиотикалық таңбалық мағынасына қарай жинақталған. Алғыс ритуалы өткізілмесе де, оның магиялық күшіне деген сенім сақталған. Табиғат нысандарынан және шаруашылыққа қатысты иесінен сұрап алатын алғыс сөз енді тікелей адресаттың өзіне, алғыс алушыға айтылады. Алғыстың кімнен, қайдан келетіні нақтыланбайды, ал нақтыланған жағдайда Алладан, Тәңірден, Құдайдан сұралады. Байырғы наным-сенім діни дискурсқа икемделген.

Қорытынды

Саха және алтай халықтарының календарлық, отбасылық, кәсіптік-аңшылық, емдеу және тазару сияқты рәсімдерінің бәрі де алғыс ритуалына енеді. Ал енді қазақ, татар, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ халықтарында бұлар жеке-жеке бөлініп кеткен. Алғыс

айту немесе тілек (тәлек, тилак) білдіру сөз формасында болса, енді емдеу, тазару, үшкіру сияқты сөз бен әрекет қосарланған рәсімдер өз алдына бөлек атқарылады. Олар дуалау немесе жадылау (заклинания, закличка) түрінде өткізілетін жеке атауларға ие болған. Фонетикалық нұсқалары ғана емес, синонимдік атаулардың қатар қолданатыны көне алғыстың трансформацияланған сипатын айғақтаса керек: ырым, арбау (арбоо, албын, аврош), жады (жоду), дуа (дуба), дуалау (дууалай), дарым (дарымдоо), оқу (оқыу), бадік (бадик) т.б. (Сармисаков, 1986; Абылкасымов, 1993; Гильмутдинова², 2006; Манчкин, 2015).

Түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінен орын алған магиялық фольклордың осы түрлері қызметі және структуралық құрылымы бойынша бір-біріне жақын келеді. Атап айтқанда, сөзбен және әрекетпен түрлі иелердің және рухтардың жәрдеміне жүгіну үшін: 1) оларға қайрылу (шақыру); 2) байланыс орнаған соң мақсатын жеткізу, өтіну, жалбарыну, кейде ұрсу, жеку сөйтіп келісімге келу; 3) сөз бен әрекет нәтижесін қорытындылау, рухтарды қайтару (Абылкасымов, 1993: 159; Султангараева, 2014: 111; Ибраев, 2021: 182).

Магиялық фольклордың ритуалмен бірге атқарылатын түрлерінің кезең-кезеңмен өткерілу реті жоғарыда сөз болған саха және алтай алғыстарының құрылымымен сәйкес келіп тұр. Алғыстың ритуалмен байланысты бөлігі өз алдына дербес түрлер ретінде жіктелген және дараланған қолданысқа ие.

Түркі халықтарының магиялық фольклорын тарихи ретроспективті аспектіде қарастырудың маңыздылығы – белгілі бір түрлердің, атап айтқанда, алғыстың көне замандағы синкреттік, (синкретизм (гр. *Syncretismos* -біріктіру)- «жігі ашылмаған», «біте қайнасқан» деген сөз тіркесінің синонимі болып табылатын бұл ұғым ... көбіне алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл осы мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелінбегенін байқаймыз (URL)³ жаратылысының кейінгі замандардағы трансформацияланған үлгілерін анықтауға мүмкіндік беретіндігінде. Саха және алтайдың ритуал формасында атқарылған алғысының мифтік мазмұнмен, арнайы сөзбен, магиялы әрекетпен және құпия әуенмен (сарынмен) бірлікте атқарылатын ерекшеліктерді – бұл ритуалдың синкреттілігін айшықтап тұр.

Көне ритуалдың мифпен байланысты семиотикалық мәні қатып қалған ұғым емес. Ритуалдың дүркін-дүркін қайталанатыны оның құрамдас бөліктерін жанды түрде қайта түлетіп, тірілтіп отырады. Психологиялық үдеріс ритуалдың мақсаты мен мазмұнына өзгеріс енгізбей тұра алмайды. Демек ритуалды атқарудың дискурстық табиғаты реалды тұрмыспен, практикалық қажеттілікпен тікелей түйісетіні анық (Адоньева, 2018: 31; 34).

Жинақталған әрекет жүйесі сынақтан өткен тәжірибе ретінде жаңаша әлеуметтік доминанттық мағынаға ие болады. Бұған итермелейтін жағдай – тұрмыстық, амандық, саулық, молшылыққа ұмтылыс, игілікке жету сияқты үнемі қажет етілетін сұраныстар.

² Гильмутдинова Л.Р., 2006. Лексика заговоров и заклинаний в татарском языке. Авт. Диссертации на соискание уч.степени канд.фил.наук. Казань. <http://www.dslib.net> > iazyki-rosii

³ URL - <http://kk.m.wikipedia.org/wiki>

Түркі халықтарының магиялық фольклоры байырғы синкреттік жаратылысынан бастап, кейінгі замандардағы жекелеген жіктеліске дейінгі аралықта аса күрделі өзгеріс үстіндегі мәдени құбылыс ретінде қызмет атқарып келгендігін көреміз.

Әдебиет

Абылқасымов Б., 1993. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы: Атамұра-Қазақстан. 160 б.

Адоньева С., 2018. Прагматика фольклора. Изд.2-е. СПб.: ООО «Издательство «Пальмира»; М.: ООО «Книга по Требованию». 335 с.

Аманбаева Г.Н., 2016. Семиотика дискурса: константы и переменные // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. № 6 (часть 4), С.780-783. URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=96-97>.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық., 2013. Магиялық фольклор. Астана: Фолиант. Т. 93. 432 б.

Байбурин А.К., 1990. Ритуал: свое и чужое // Фольклор и этнография. Проблемы реконструкции фактов традиционной культуры. Л.: Наука. 3-16 с.

Барт Р., 2019. Мифологии. 5-е изд. М.: Академический проспект. 351 с.

Басилов В.Н., 1984. Избранники духов. М.: Политиздат. 208 с.

Башкорт халық ижады., 1995. Йола фольклоры. Өфө. 223 б.

Богданов К., 2015. Повседневность и мифология: исследования по семиотике фольклорной деятельности. СПб: Азбука, Азбука-Аттикус. 416 с.

Енчине Э.В., Торусhev Э.Г., 2018. Обрядовый и ритуальный фольклор алтайцев в этнографическом аспекте // Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: Познание. № 9, сентябрь С.14-18.

Еремина В.И., 1991. Ритуал и фольклор. Ленинград: Наука, 207 с.

Зенкин С., 2019. Ролан Барт – теоретик и практик мифологии // Барт Р. Мифологии, 5-е изд. М.: Академический проспект. 351 с.

Ибраев Ш., 2021. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. 254 б.

Каташ С.С., 1979. Алкыш сос (благопожелание) древний жанр алтайского фольклора // Улагашевские чтения. Горно-Алтайск, Вып.1. С. 63-76.

Конунув А.А., 2019. Современное состояние обрядового фольклора алтайцев (на материале полевых работ), 2017 г. //Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 5(3). С. 323-336.

Леви-Стросс К., 1985. Структурная антропология. Москва: Наука. 536 с.

Манчикин Н.А., 2015. Заговорно-заклинательная традиция кыргызов // Известия вузов Кыргызстана. № 34. Бишкек. С. 116-117.

Мелетинский Е., 2018. Поэтика мифа. СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус. 480 с.

Мифы народов мира, 1987. Энциклопедия в двух томах. Второе издание. Т. 1. М.: Советская энциклопедия. 671 с.

Остин Дж.Л., 1999. Избранное (сборник). М.: «Идея-Пресс» Дом интеллектуальной книги. 332 с.

- Саримсаков Б., 1986. Узбек маросим фольклоры. Ташкент.
- Современный толковый словарь русского языка., 2001. СПб. Норинт. 960 с.
- Султангараева Р.А., 2019. Башкирский фольклор: семантика, функции и традиции: Т. 2: Календарный фольклор: мир и ритуал. Уфа: ГАУН РБ «Башкирская энциклопедия». 296 с.
- Султангараева Р.А., 2014. Магический фольклор башкир: специфика и мифоритуальные особенности репертуара // Вестник Челябинского государственного университета. № 26 (355). Филология, Искусствоведение. Вып.93. С. 108-114.
- Татар халык ижаты., 1980. Йола һәм уен жырлары. Казан: Татар кит. нәшр. 319 б.
- Хаустов Д.С., 2020. Лекции по философии постмодерна. М.: РИПОЛ классик. 288 с.
- Чочкина М.П., 2003. Жанр благопожелания – «алкыш сөс» // Алтайский детский фольклор. Научное издание VK.com:https://m vk.com.» wall-7525637.
- Шейкин Ю.И., 2003. Обрядовое интонирование саха: алгыс и осуохай // Обрядовая поэзия саха (якутов) / Сост. Н.А.Алексеев, П.Е.Ефремов, В.В.Илларионов. Новосибирск: Наука. С. 58-114.
- Эргис Г.У., 1974. Очерки по якутскому фольклору. М.: Наука. 402 с.

Reference

- Abylqasymov B., 1993. Telqońyr. Qazaqtyń kóne nanym-senimderine qatysty ǵuryptyq folkory [Telkonur. Ritual folklore related to ancient Kazakh beliefs]. Almaty: Atamura-Qazaqstan. 160 p.[in Kazakh].
- Adoneva S., 2018. Pragmatika folklor [Pragmatics folklore]. Izd.2-e. S.-Petersburg: OOO «Izdatelstvo «Palmira»; Moscow: OOO «Knıga po Trebovaniı». 335 p.[in Russian].
- Amanbaeva G.N., 2016. Semiotika diskýrsy: konstanty ı peremennye [Semiotics discourses: constants and variables]. Mejdýnarodnyı jýrnal prikladnyh ı fındamentalnyh issledovanıı [International Journal of Applied and Fundamental Research.]. № 6 (chast 4). P. 780-783. URL: https:// applied-research.ru /ru/ article/view?id = 96-97. [in Russian].
- Babalar sózi: Júztomdyq [The words of the ancestors: One hundred volumes], 2013. [Magualyq folklore Magical folklore]. Т. 93. Astana: Foliant. 432 p.[in Kazakh].
- Baıbýrın A.K., 1990. Ritýal: svoe ı chýjoe [Ritual: own and foreign]. Folklor ı etnografıa [Folklore and ethnography]. Problemy rekonstrýktsıı faktov traditsionnoı kýltýry [The problem of reconstruction of facts of traditional culture]. Leningrad: Naýka. P. 3-16. [in Russian].
- Bart R., 2019. Mıfologıı [Mythology]. 5-e izd. Moscow: Akademıcheskıı prospect. 351 p. [in Russian].
- Basılov V.N., 1984. Izbrannıkı dýhov [Chosen Spirits]. Moscow: Politızdat. 208 p. [in Russian].
- Bashkort halyq ijady, 1995. Iola folkory. Ófó. 223 p.[in Bashkir].
- Bogdanov K., 2015. Povsednevnost ı mifologıa: issledovanıa po semiotike folklornoı deiatelnosti [Everyday life and mythology: studies on the semiotics of folklore activity]. S.-Petersburg: Azbýka, Azbýka-Attıkýs. 416 p. [in Russian].
- Enchine E.V., Torýshev E.G., 2018. Obriadovyı ı ritýalnyı folklor altaitsev v etnografıcheskom aspekte [Ritual and ritual folklore of the Altai people in the ethnographic aspect]. Sovremennaia

naýka: aktýalnye problemy teorii i praktiki [Journal “Modern Science: Current Problems of Theory and Practice”]. Seriya: Poznanie № 9, sentiabr. P.14-18. [in Russian].

Eremina V.I., 1991. Ritýal i folklore [Ritual and folklore]. Leningrad: Naýka. 207 p. [in Russian].

Zenkin S., 2019. Rolan Bart – teoretik i praktik mifologii [Roland Barthes – theorist and practitioner of mythology]. Bart R. Mifologii, 5-e izd. Moscow: Akademicheskii prospect. 351 p. [in Russian].

Ibraev Sh., 2021. Qazaqtyń ğuryptyq folklorý [Kazakh ritual folklore.]. Nur-Sultan: L.N.Gýmlev atyndaǵy EUÝ. 254 p. [in Kazakh].

Katash S.S., 1979. Alkysh sos (blagopojelanie) drevnii janr altaiskogo folkloré [Alkysh sos (good wishes) an ancient genre of Altai folklore]. Ýlagashevskie chteniia. Gorno-Altai, Vyp.1. P. 63-76. [in Russian].

Konýnov A.A., 2019. Sovremennoe sostoianie obriadovogo folklorá altaitsev (na materiale polevyh rabot), 2017 g. [The current state of ritual folklore of the Altai people (based on field work)]. Úlken Altai álemi – Mir Bolshogo Altaia – World of Great Altay. 5(3). P. 323-336. [in Russian].

Levi-Stross K., 1985. Strýktýrnaia antropologíia [Structural anthropology.]. Moscow: Naýka. 536 p. [in Russian].

Manchikin N.A., 2015. Zagovorno-zaklinatelnaia traditsiia kyrgyzov [Conspiratorial tradition of the Kyrgyz]. Izvestiia výzov Kyrgyzstana [News of universities of Kyrgyzstan]. № 34. Bishkek. P. 116-117. [in Russian].

Meletinskii E., 2018. Poetika mifa [Poetics of myth]. S.-Petersburg: Azbýka, Azbýka-Attikýs. 480 p. [in Russian].

Mify narodov mira [Myths of the peoples of the world], 1987. Entsiklopediia v dvýkh tomah [Encyclopedia in two volumes]. Vtoroe izdanie. Tom 1. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia. 671 p. [in Russian].

Ostin Dj.L., 1999. Izbrannoe (sbornik) [Favorites (collection)]. Moscow: «Ideia-Press, Dom intellektýalnoi knigi». 332 p. [in Russian].

Sarimsakov B., 1986. Ýzbek marosim folklorý. Tashkent. [in Uzbek].

Sovremennyi tolkovyi slovar rýsskogo iazyka [Modern explanatory dictionary of the Russian language], 2001. S.-Petersburg: Norint. 960 p. [in Russian].

Sýltangaraeva R.A., 2019. Bashkirskii folklor: semantika, fýnktsii i traditsii [Bashkir folklore: semantics, functions and traditions:]: Tom 2: Kalendarnyi folklor: mir i ritýal [Volume 2: Calendar folklore: world and ritual]. Ýfa: GAÝN RB «Bashkirskaiia entsiklopediia». 296 p. [in Russian].

Sýltangaraeva R.A., 2014. Magicheski folklor Bashkir: spetsifika i miforitýalnye osobennosti repertýara [Magical folklore of the Bashkirs: specificity and mythological and ritual features of the repertoire]. Vestnik Cheliabinskogo gosýdprstvennogo ýniversiteta [Bulletin of the Chelyabinsk State University]. № 26 (355). Filologíia, Iskýsstvovedenie. Vyp.93. P. 108-114. [in Russian].

Tatar halyk ijaty, 1980. Iola hám ýen jyrlary. Kazan: Tatar kit. náshr. 319 p. [in Tatar].

Haýstov D.S., 2020. Lektsii po filosofii postmoderna [Lectures on postmodern philosophy]. Moscow: RIPOL klassik. 288 p. [in Russian].

Chochkina M.P., 2003. Janr blagopojelaniia–«alkysh cöc» [Genre of good wishes – “alkysh cöc”]. Altaiskii detskii folkloré [Altai children’s folklore]. Naýchnoe izdanie VK.com:https://m.vk.com/ wall-7525637. [in Russian].

Sheikin Iý.I., 2003. Obriadovoe intonirovanie saha: algys ı osýohaı [Ritual intonation of the Sakha: algys and osuokhay]. Obriadovaya poeziya saha (ıakýtov) [Ritual poetry of the Sakha (Yakuts)]. Sost. N.A.Alekseev, P.E.Efremov, V.V.Illarionov. Novosibirsk: Naýka. P. 58-114. [in Russian].

Ergis G.Ý., 1974. Ocherki po ıakýtskomý folklorý [Essays on Yakut folklore]. Moscow: Naýka. 402 p. [in Russian].

***Sh. Ibrayev^a**

^a*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan*

(E-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz)

**Corresponding author: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz*

A. Turganbayev^b

^b*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,*

Republic of Kazakhstan

(E-mail: askar.turghanbayev@ayu.edu.kz)

Ways of classifying the magical folklore of the Turkic peoples

Abstract. The magic genres of Turkic folklore are closely linked to rituals that embody mythological, religious, social, and domestic traditions. The state of fusion of ritual actions with practical life brings to the fore such concepts as appealing to supernatural forces, asking for help, or exorcising evil spirits. The syncretism of magic genres manifests itself in the unity of words, melody, and ritual acts. Magic rites, performed in a certain order, conditioned many aspects of traditional and daily life. Its magic and mythic content reproduces traditional representations of society and regulates many aspects of social, economic, and everyday life.

In the article analyzes the functional meaning and structural components of various genres including algys (alkysh, algyha), arbau (dua), badik, baksy (kam, kham, oidun), syryny (kamlanie) of Yakuts, Altai, Kazakhs, Tatars, and Bashkirs in comparative and retrospective aspects.

In Yakut and Altai folklore, structural magic genres are closely related to myths and rituals of invoking spirits, communicating with them, asking for help, and farewell rituals. In Kazakh, Tatar and Bashkir folklore, however, many components of these structural subdivisions are abolished and dominated by the main key moments of the rituals, such as blessing, gratitude, praise (algys), final words (kosh, ket), and conspiracy (badik).

Keywords: Turkic peoples, magic folklore, rite, algys, alkysh, algyha, badik, shaman syncretism, request.

***Ш. Ибраев^а**

^аМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан
(E-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz)

*Автор для корреспонденции: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz

А. Тұрғанбаев^б

^бМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан
(E-mail: askar.turganbayev@ayu.edu.kz)

Вопросы классификации магического фольклора тюркских народов

Аннотация. Функционирование магических жанров тюркского фольклора тесно связано с обрядовыми действиями, раскрывающими мифологические, религиозные представления, традиции и ритуалы. Благодаря связи обрядовых действий с реальной жизнью происходит обращение людей к сверхъестественным силам, просьбы о помощи или изгнание злых духов. Синкретизм магических жанров проявляется прежде всего в единстве слов, мелодии и обрядовых действий, в результате которых появляются умиротворение, жертвоприношение, изгнание злых сил, призыв к милосердию духов-хозяев природы. Поэтому магические обряды в указанном алгоритме обусловили многие аспекты традиционной жизни и быта тюркских народов. Магическое и мифологическое содержание обряда воспроизводят традиционное представление общества, регулируют многие аспекты социальной, хозяйственно-бытовой жизни народа.

Авторы статьи в историко-сравнительном аспекте анализируют функциональное значение и структурные компоненты магических жанров: алгыс (алкыш, алгыһа), арбау (дуа), бадик, баксы (кам, хам, ойдун), сырыны (камлание), представленные в ритуалах якутов, алтайцев, казахов, татар, башкир.

В якутском и алтайском фольклоре структурные магические жанры тесно связаны с мифом и обрядом, в которых последовательно реализуются призыв или обращение к духам, общение с ними, просьба о помощи, а также ритуалы проводов. Напротив, в казахском, татарском и башкирском фольклоре многие компоненты обрядовых действий упразднены и доминируют основные ключевые моменты обряда: благопожелание, благодарность, восхваление (алгыс), прощание (көш, кет), заговор (бадик).

Ключевые слова: тюркские народы, магический фольклор, обряд, алгыс, алкыш, алгыһа, бәдик, шаман, синкретизм, очищение.

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраев Шакимаширп, филология ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер, Түркология ғылыми-зерттеу институты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Саттарханов көш., 29, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0003-3242-9496>

Тұрғанбаев Асқар, филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Саттарханов көш., 29, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0009-0006-0950-9737>

Information about author:

Shakimashrip Ibrayev, Doctor of Philology, Professor, Chief Researcher, Research Institute of Turkology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B.Sattarhanov Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0003-3242-9496>

Turbanbayev Askar, Candidate of Philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29 B.Sattarhanov Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0009-0006-0950-9737>

Сведения об авторе:

Шакимаширип Ибраев, доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник, Научно-исследовательский институт тюркологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул. Б. Саттарханова, 29, Туркестан, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0003-3242-9496>

Турғанбаев Асқар, кандидат филологических наук, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, ул. Б. Саттарханова, 29, Туркестан, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0009-0006-0950-9737>